

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Косшыгулова Алия Сериковнаның «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық тәуекелдер мен саяси қауіптердің ықтималдылығының артуы, білім беруді жаңарту, еңбек нарығында болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын жаһандық әмбебап құзыреттілерді қалыптастыруды талап етіп отыр. Болашақ мамандар кәсіби құзыреттерден басқа икемді дағдыларға ие болуы, ақпараттық және білім беру кеңістігінің жаһандануы жағдайында мақсаттар қоюға және кәсіби-оқу әрекетін реттеуге, оны ұйымдастырудың жаңа, тиімді формаларын іздеуге қабілетті белсенді субъектілер ретінде әрекет етуі қажет. Осыған байланысты зерттеудің өзекті бағыты студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау болып табылады.

А.С.Косшыгулованың диссертациялық зерттеуінің идеясы студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастырудың құрылымын, деңгейлерін, даму кезеңдері мен детерминанттарын ескере отырып, оны дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын жетілдірудің негізінде болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыру мүмкіндігі болып табылады.

Диссертацияда жүйелік, субъектілік, тұлғалық-әрекеттік, синергетикалық және құзыреттілік тұғырларын интеграциялау негізінде студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды, бұл оқу барысында студенттердің тұлғалық әлеуетін өзектендіре отырып, оның барлық компоненттерін тұтас дамытуға мүмкіндік береді.

Ізденуші мотивациялық-құндылық, аффективті-еріктік, когнитивті-рефлексивтік және әрекеттік компоненттеріден тұратын студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруының құрылымын ұсынады. Аталған барлық компоненттер және белгіленген өлшемдердің негізінде студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастырудың интегративтік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық әдістемелер кешені негізделіп, жетілдірілді.

Диссертацияда студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасын енгізу нәтижелері баяндалған, олар келесідей кезеңдерге сәйкес жүзеге асырылды: өзіндік ұйымдастырудың тиісті деңгейіне көшуді көздейтін ұғыну, сезіну, жүзеге асыру - жағдаяттық-интуитивтік, репродуктивті-нормативтік, құрылымдық-аналитикалық, шығармашылық, олардың әрқайсысы жаңа мотивациялық-құндылық көзқарастарды, әрекетті сезіну және рефлексия мүмкіндіктерін, еріктік және эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі реттеу және оқу әрекетін өзіндік ұйымдастырудың әрекеттік-технологиялық компоненттерін көрсетеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру процесін өзектендіретін оқыту формаларының (онлайн, офлайн, аралас) және оқыту әдістерінің (белсенді, ақпараттық интерактивті, арнайы) кешені пайдаланылған.

Аталған ғылыми жаңалықтан басқа, А.С.Косшыгулованың диссертациялық зерттеуінің айқын практикалық маңызы бар. Мәселен, оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың жетілдірілген деңгейлері және оларды анықтау өлшемдері, диагностикалық құралдар кешені, өзіндік ұйымдастыруды дамыту бағдарламасы студент тұлғасын диагностикалау, дамыту және психологиялық түзету мақсатында жоғары оқу орнындағы оқудың барлық кезеңдерінде, сондай-ақ студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінде, оқытушылар, эдвайзерлер қолдана алады.

А.С.Косшыгулованың жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті талаптарына сай келеді. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында (квартиль – 2, процентиль – 78), Шетелдік және отандық халықаралық конференцияларда жарияланған.

Косшыгулова Алия Сериковнаның «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, өзекті тақырыпқа арналған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, сондықтан диссертациялық жұмысты «6D010300–Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,
психология ғылымдарының кандидаты,
доцент**

